

Барлауға арналған үлгілік келісімшарт нысанын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 409 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 мамырда № 11179 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 325 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 11.05.2018 № 325 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 27-7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған барлауға арналған үлгілік келісімшарт нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Жер қойнауын пайдалану департаменті (Т.С. Тоқтабаев):

1) заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 23 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 6 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 10 сәуір

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 31 наурыздағы
№ 409 бұйрығымен
бекітілген

Барлауға арналған үлгілік келісімшарт нысаны

Осы

(блок координатын (-тарын) көрсетіңіз)

(әкімшілік аумақтық бірлікті көрсетіңіз)

көмір мен ураннан басқа, қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған Үлгілік келісімшарт (бұдан әрі - Үлгілік келісімшарт) одан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын құзыретті орган ретінде Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін

(мемлекеттік органның атауы)

және

(заңды тұлғаның атауы - бұдан әрі – Жер қойнауын пайдаланушы)
арасында жасалды.

Кіріспе

Мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер қойнауы мен ондағы пайдалы қазбалар мемлекет меншігі болып табылатындығын, Қазақстан Республикасы жер қойнауы учаскесін барлауға (бұдан әрі - барлау) беруге ниет білдіретіндігін;

2) жер қойнауын пайдаланушыда "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 76-бабының және Үлгілік келісімшарттың талаптарына сәйкес барлауды жүргізу ниеті, қаржылық және техникалық мүмкіндіктерінің болуын;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі _____ (құзыретті органды көрсетіңіз) айқындағанын;

4) Құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы Үлгілік келісімшарт барлау кезінде олардың Үлгілік келісімшарттық қатынастарын реттейтін болады деп уағдаласқандығын назарға ала отырып.

Құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Үлгілік келісімшарттың мақсаты

1. Үлгілік келісімшарттың мақсаты берілген келісімшарт аумағында барлау бойынша операцияларды жүргізу кезінде Заңның 75 және 76-баптарына сәйкес тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындау болып табылады.

2. Үлгілік келісімшарттың қолданылу мерзімі

2. Осы Үлгілік келісімшарт кейінгі ____ жылға жасалған (6 жылдан аспайтын мерзім көрсетілсін).

3. Үлгілік келісімшарт құзыретті органда мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

4. Кен орнын анықтаған жағдайда жер қойнауын пайдаланушының Заңның 65 және 69-баптарына сәйкес оны бағалау үшін қажетті мерзімге Үлгілік келісімшарт қолданысын ұзартуға құқығы бар.

3. Үлгілік келісімшарт аумағы

5. Жер қойнауын пайдаланушы Үлгілік келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын геологиялық бөлікте көрсетілген келісімшарт аумағы шегінде барлауды жүргізеді.

6. Барлау үшін оңайлатылған тәртіппен берілетін жер қойнауы учаскесі он блоктан аспауға тиіс, олардың әрқайсысы координаттардың географиялық жүйесінде бір минутқа тең.

7. Жер қойнауын пайдаланушы 1 ай бұрын бұл туралы құзыретті органға алдын ала хабардар ете отырып, Үлгілік келісімшарт қолданысының бірінші жылы өткен соң келісімшарт аумағының бір бөлігін қайтаруға құқылы.

8. Келісімшарт аумағын қайтаруға блоктар бойынша ғана жол беріледі.

4. Жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері

9. Үлгілік келісімшартты қолданылу мерзімі ішінде жер қойнауын пайдаланушы:

1) Үлгілік келісімшарт қолданылу мерзімі ішінде жер қойнауын пайдаланушы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға бюджетті жіктеуші кодына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органның бюджетіне Бірыңғай бюджеттік жіктеуішке сәйкес 206114 "Жер қойнауын пайдаланушы өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға және оның инфрақұрылымын дамытуға аударымдары" Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау қағидасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 494 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 9892 тіркелді) әр блок үшін жылдық өсімді төлем мынадай көлемде төленеді:

бірінші жыл үшін – республикалық бюджет туралы заңға сәйкес және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);

екінші жыл үшін – 110 (жүз он) АЕК;

үшінші жыл үшін – 115 (жүз он бес) АЕК;

төртінші жыл үшін – 120 (жүз жиырма) АЕК;

бесінші жыл үшін – 140 (жүз қырық) АЕК;

алтыншы жыл үшін – 160 (жүз алпыс);

Үлгілік келісімшарттың қолданылу мерзімі бағалау үшін ұзартылған жағдайда әрбір келесі жылға аударымдар мөлшері кемінде 180 (жүз сексен) АЕК мөлшеріне тең.

Аударымдар үлгілік келісімшарт қолданысының кезекті жылы басталған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей жергілікті бюджетке тиісті соманы аудару арқылы жүргізіледі. Жер қойнауын пайдаланушы көрсетілген соманы аударған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей төлем құжатының көшірмесін (болған жағдайда) қоса бере отырып, төлем деректемелерін көрсете отырып, төлеу туралы жазбаша хабарламаны Құзыретті органға жіберуге міндетті.

2) Үлгілік келісімшарт қолданысының бүкіл кезеңіне бір блок шегінде орындауға қажетті шығындардың ең аз мөлшерін орындауға:

- бірінші жылы – 1000 (бір мың) АЕК;
- екінші жылы – 1000 (бір мың) АЕК;
- үшінші жылы – 1000 (бір мың) АЕК;
- төртінші жылы – 1200 (бір мың екі жүз) АЕК;
- бесінші жыл – 1400 (бір мың төрт жүз) АЕК;
- алтыншы жыл – 1600 (бір мың алты жүз) АЕК.

Шығындардың ең аз мөлшері барлауға қатысты жұмыс түрлеріне ғана жұмсалуды тиіс.

Бір блок шегінде орындалуы тиіс шығындардың ең аз мөлшерін орындау туралы есепті жер қойнауын пайдаланушы жылдық есепті Жер қойнауына мемлекеттік мониторингті жүзеге асыру қағида ережесіне (бұдан әрі - мемлекеттік мониторингті жүзеге асыру қағидасы) сәйкес және Заңның 17 бабы 22) тармақшасында белгіленген тәртіпте және мерзімде береді.

Анықталған кен орнын бағалау үшін үлгілік келісімшарт қолданысының мерзімі ұзартылған жағдайда, ұзартудың әрбір келесі жылы үшін шығындардың ең аз мөлшері үлгілік келісімшарт қолданысының алтыншы жылы шығындарының ең аз мөлшеріне тең.

3) жылдар бойынша жұмыстардың мынадай мейлінше аз түрлерін:

бірінші жылы – геологиялық материалдарды зерттеуге, жобалау құжатын әзірлеуге және бекітуге;

екінші жылдан бастап алтыншы жылды қоса алғанда – іздеу және алдын ала белгіленген бағдарларды, зертханалық жұмыстарды, камералдық жұмыстарды орындауға.

Көрсетілген жұмыстарды, алдыңғы жылдарда геологиялық барлау жұмыстарын орындаған жағдайда не оларды жүргізу қажеттігі болмағанда, олармен тікелей байланысты жұмыстардың өзге түрлерімен ауыстыруға жол беріледі.

Жылдар бойынша жұмыстардың ең аз түрлерін орындау туралы есепті жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік мониторингті жүзеге асыру қағидасына сәйкес ұсынады.

4) Үлгілік келісімшартты жасағаннан және тіркегеннен кейін алты ай мерзімде іздеу жұмыстарының жобасын әзірлеуге және өз бетінше бекітуге және оны жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға жіберуге;

5) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды Үлгілік келісімшартқа және Заңға сәйкес жүргізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға қойылатын талаптарды, оның ішінде экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы және жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды сақтауға міндеттенеді.

5. Коммерциялық анықтау

10. Жер қойнауын пайдаланушының Заңға сәйкес конкурс өткізбей-ақ, тікелей келіссөздер негізінде барлауға арналған Үлгілік келісімшарт негізінде коммерциялық табумен байланысты өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын алуға айрықша құқығы бар.

6. Еңсерілмейтін күш

11. Тараптардың ешқайсысы, егер орындамау немесе тиісінше орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса, осы Үлгілік келісімшарт бойынша қандай да бір міндеттемелердің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына жауапты болмайды.

12. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына, мысалы: әскери даулар, табиғи апаттар, дүлей зілзалалар (өрт жән т.с.с.) сияқты жағдайлар кезінде төтенше және болдырмайтын мән-жайлар жатады. Келтірілген тізбе толық болып табылмайды. Бұл ретте нәтижесінде жер қойнауын пайдаланушы өзінің осы Үлгілік келісімшарт бойынша міндеттерін және де осы Үлгілік келісімшарттың 4-бөлімінің 2) тармақшасында көзделген ең аз шығын мөлшері бойынша міндеттерін қоса орындамаған жағдайда, еңсерілмейтін күш келісімшарт аумағы бойынша үшінші тұлғалардың меншік құқығында (жер пайдаланушы) болатын жер учаскесін алуға қатысты кедергі бола алмайды.

13. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, олардан зардап шеккен тарап бұл туралы еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны қолға беру не поштамен жіберу арқылы екінші тарапты дереу хабардар етеді.

14. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде тараптар қалыптасқан жағдайдан шығу жолдарын іздеу үшін дереу мәжіліс өткізеді және мұндай мән-жайлардың салдарларын барынша азайту үшін барлық құралдарды пайдаланады.

15. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты туындаған Үлгілік келісімшарт бойынша жұмыстар толық немесе ішінара тоқтатылған кезде Үлгілік келісімшарттың қолданыс мерзімі еңсерілмейтін күштің қолданыс мерзіміне ұзартылады.

7. Қолданылатын құқық және дауларды шешу тәртібі

16. Үлгілік келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасының құқығы қолданылатын құқық болып табылады.

17. Үлгілік келісімшартты орындауға және тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

18. Егер осы Үлгілік келісімшартты орындауға, өзгертуге немесе тоқтатуға байланысты даулар келіссөздер арқылы алты ай ішінде шешілмесе, онда тараптар дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге құқылы.

8. Жер қойнауын пайдаланушының құқықтарына кепілдіктер

19. Жер қойнауын пайдаланушыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құқықтары қорғалатынына кепілдік беріледі.

20. Үлгілік келісімшарт талаптарын өзгертуге және толықтыруға тараптардың келісімімен жол беріледі. Тараптардың бірінің талап етуі бойынша Үлгілік келісімшарт талаптарын өзгертуге Заңда және осы Үлгілік келісімшартта тікелей көзделген жағдайларда жол беріледі.

9. Салық салу

21. Салық бойынша салықтық міндеттемелерді және Үлгілік келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша бюджетке төленетін міндетті өзге де төлемдерді төлеу, оларды төлеу бойынша төлем міндеті туындаған сәтте қолданыста болатын салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Үлгілік келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау жер қойнауын пайдаланушыны салықтық міндеттеме туындаған күнге қолданыста болатын Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Үлгілік келісімшарт шеңберінен тыс мемлекетте қызметі жүзеге асыру бойынша салықтық міндеттемелерден босатпайды.

22. Қол қойылатын бонустың түпкілікті мөлшері _____ (сомасы көрсетілсін).

23. Үлгілік келісімшартты жасасу кезінде жер қойнауын пайдаланушы қол қойылатын бонустың белгіленген сомасының елу пайызын 20__ жылғы " __ " __
_____ №__ төлем тапсырмасы бойынша төледі.

24. Қол қойылатын бонустың мөлшердегі қалған _____ (сомасы көрсетілсін) елу пайызын жер қойнауын пайдаланушы Үлгілік келісімшарт күшіне енгеннен кейін отыз күнтізбелік мерзім ішінде кешіктірмей төлейді.

10. Келісімшарт қолданысын тоқтату шарттары

25. Үлгілік келісімшарт, егер тараптар оны ұзарту туралы келісімге қол жеткізбесе, оның қолданыс мерзімі өткен соң тоқтатылады.

26. Үлгілік келісімшарттың қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға тараптардың келісімі бойынша тоқтатылады. Заңның 72 бабына сәйкес Үлгілік келісімшарт өзге де жағдайларда өз күшін тоқтатуы мүмкін.

27. Құзыретті орган Үлгілік келісімшарттың 3-басшысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымының дамуына (өңірлердің әлеуметтік саласын дамыту) шығыстар уақтылы төленбеген жағдайларда, сондай-ақ Заңның 72-бабында белгіленген өзге жағдайларда, біржақты тәртіппен Үлгілік келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

28. Құзыретті органның бастамасы бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымының дамуына шығыстардың уақтылы төленбеуіне не шығындардың ең аз мөлшері және Үлгілік келісімшарт аумағында орындауға қажетті жұмыс түрлері туралы талаптардың орындалмауына байланысты Үлгілік келісімшарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымының дамуына аударымдар, Үлгілік келісімшартта тиісті жылға көзделген келісімшарт аумағы бойынша ең аз шығындар бойынша орындалмаған міндеттемелерге тең соманы Қазақстан Республикасының пайдасына төлеуге міндетті. Жер қойнауын пайдаланушы көрсетілген соманы Құзыретті органның бастамасы бойынша Үлгілік келісімшарттың тоқтатылған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде мемлекеттің пайдасына төлеуге міндетті. Көрсетілген берешек уақтылы өтелмеген кезде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының 1,5 еселік ресми ставкасына сүйене отырып, өсімақы есептелінеді.

29. Үлгілік келісімшарттың қолданысын тоқтату жер қойнауын пайдаланушыны мемлекетке келісімшарт аумағын қайтару және мемлекет заңнамасының Заңның 72-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес барлау салдарларын жою бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

11. Құпиялылық

30. Үлгілік келісімшартты орындау процесінде тараптар алған немесе сатып алған ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қорғалуға жатады. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті есептер құрастыру үшін құпия ақпаратты пайдалана алады.

31. Геологиялық ақпарат жер қойнауын пайдаланушыға 20__ жылғы " __ " _____ № _____ құпиялылық туралы келісіммен рәсімделетін Заңның 11-бабына сәйкес белгіленген тәртіпте беріледі.

32. Тараптардың екінші тараптың келісімінсіз құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға мынадай:

егер бұл ақпарат сотта іс қарауды жүргізу барысында пайдаланылған;

ақпарат жер қойнауын пайдаланушыға қызмет көрсететін үшінші тұлғаға мұндай үшінші тарап мұндай ақпаратты құпия қарап және оны тараптар белгілеген мақсаттарға және белгіленген мерзімдерде ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен ұсынылған;

ақпарат жер қойнауын пайдаланушы қаржылық қаражат алатын банкке немесе басқа қаржылық ұйымға, мұндай банк немесе басқа қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны тек көрсетілген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен ұсынылған;

ақпарат Қазақстан Республикасының бақылаушы органдарының лауазымды тұлғаларына олардың қызметтік міндеттерін орындауы барысында ұсынылған жағдайларды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, беруге құқығы жоқ.

33. Тараптар келісімшарттық аумақта барлау жүргізуге байланысты және геологиялық ақпараттарды қамтитын барлық құжаттардың, ақпараттардың және есептердің құпиялығын сақтау мерзімін айқындайды.

34. Үлгілік келісімшарттың әрекет етуі тоқтатылған кейін барлық геологиялық және жер қойнауы бойынша өзгеде ақпарат өтеусіз негізде Қазақстан Республикасы меншігіне беріледі.

35. Жергілікті қамту бөлігінде келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына қатысты, жер қойнауын пайдаланушының тауарларды, жұмыстар

мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлауы және өткізуі, сондай-ақ қазақстандық мамандарды оқытуға шығындар және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту мен оның инфрақұрылымын дамытуға жұмсалған шығындары туралы ақпарат құпия болып табылмайды.

12. Тарату қоры

36. Жер қойнауын пайдаланушы Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар салдарларын жою үшін тарату қорын қалыптастыруға, сондай-ақ оған тиісті аударымдарды жүргізуге міндеттенеді.

37. Тарату қорына барлау кезеңі ішінде барлауға арналған шығындардың ең төмен мөлшерінен бір пайыз мөлшерінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан кез-келген банктің арнайы депозит шотына аударым арқылы жер қойнауын пайдаланушымен жыл сайын жүргізіледі.

38. Жер қойнауын пайдалану объектісін тарату тәртібі Заңмен белгіленеді.

13. Келісімшарттың тілі

39. Үлгілік келісімшарттың мәтіні әрбір тарап үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, барлық даналар ұқсас.

Тараптардың келісімі бойынша Келісімшарт мәтіні өзге тілге де аударылуы мүмкін.

40. Үлгілік келісімшарттың мазмұнын және түсіндірмесін анықтау кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда, мәтіннің _____ тіліндегі (қазақ немесе орыс тілдері көрсетілсін) нұсқасы басым күшке ие болады.

14. Қорытынды ережелер

41. Осы Үлгілік келісімшартта пайдаланылатын анықтамалар мен терминдер олар үшін Заңда айқындалған мағынаға ие.

42. Тараптар Үлгілік келісімшарттың негізгі тұжырымдамалық ережелерін өзгертпей Үлгілік келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

43. Осы Үлгілік келісімшартты 20 __ жылғы _____ (күні), _____ (айы) __ _____ қаласында (Қазақстан Республикасы), Тараптардың уәкілетті өкілдері жасады.

44. Тараптардың заңды мекенжайлары және қолдары.

Келісімшартқа қосымша: геологиялық бөлу.

